

Республиканың энергиямен жабдықтаушы және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына мемлекеттік қолдау көрсету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 маусым N 671

Энергиямен жабдықтаушы және ауылшаруашылығы кәсіпорындарына мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындар бойынша 1996 жылдың 1 мамырында қалыптасқан бюджетке төлемдер жөніндегі мезгілінде төленбеген салықтың өтеу мерзімін 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартсын.

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін, бюджетке төлемдер бойынша мезгілінде төленбеген салықтың әрбір кәсіпорнының өтеу кестесін ұсынсын.

Кәсіпорындар мезгілінде төленбеген салықты өтеу кестесін бұзған және бюджетке ағымдағы төлемдерді уақтылы төлемеген жағдайда берешектердің жалпы сомасын өндіріп алу, жалпы белгіленген тәртіппен жүргізіледі делінсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің 1994 жылы тұтынған электр энергиясы үшін энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындар алдындағы берешегін өтеуге тиісті мұрсатын берсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қажетті ақпаратты ұсынсын.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне энергиямен жабдықтаушы ұйымдар алдындағы жергілікті бюджеттерден берешектерді өтеу кестесін табыс етсін.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға электр қуатын сөндіруге жол беруге болмайтын ауруханалар, мектептер, балалар бақшалары, үздіксіз циклмен жұмыс істейтін кәсіпорындар мен басқа да ұйымдарды қоспағанда төленбеген берешекті өтеу кестесін орындамаған және ағымдағы төлемдерін төлемеген бюджеттегі ұйымдарды жылу және электр қуаты көздерінен үзуге рұқсат етілсін.

4. Облыс әкімдері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп электр энергиясын пайдаланғаны үшін берешегі бар таратылған және қайта құрылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бойынша құқықтық мұрагерлерін айқындасын және қарыздардың құрылымына өзгерту

жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне тиісті ақпарат ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімі бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға ауылшаруашылығы тауар өндірушілерінің қарыздарын сатуды дисконтысы аукциондық негізде жүзеге асыруына рұқсат етілсін.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен

Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі бір ай мезгілде 1996 жылы электр энергиясы үшін қалыптасқан берешектің өсуіне және жоюға жол бермеу жөніндегі шараларды әзірлесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі